... 1945 жылдың күзі. Алматы. Совет көшесі. Көшені бойлап үстінде әскери шинелі бар қызы күлімдей аяңдап келеді. Аяғын асыға басады. Әнен университет көрінді. Жауынгер қызы жүгіріп келіп, университеттің мрамор бағанасын құшақтап, көзіне жас алады. Осы кезде университет есігі ашылып, ар жағынан Шағиланы қарсы алуға шыққан карт оқытушылар көрінеді. Баяғы профессор да солармен бірге.

... Баяғы үлкен аудитория. Онда отырғандардың көпшілігі – жас

студенттер. Олардың ара-арасында соғыстан қайтқан солдаттар да көрінеді.

Алдыңғы парта. Онда кеудесінде жауынгерлік медальдары жарқыраған, гимнастерка киген Шағила отыр. Ол назарын сөйлеп тұрған профессорға аударып, дәптеріне тез-тез лекция жаза бастайды.

1949 жылдың жазы. Емтихан комиссиясының председателі баяғы қасқа бас қарт профессор сейлемп тұр.

Профессор: Шағила Құсанова университеттің тарих факультетінің толық курсын үздік бітірді. Сондықтан ол Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына оқуға қалдырылды. Шағила орнынан тұрады. Жұрт қол шапалақтап оркестр ойнайды.

... 1952 жыл. Шағила аспирантураны бітіріп, өзі оқыған университетке оқытушы бол келеді. Университет ректоры баяғы қарт профессор оны қуана қарсы алады.

... Университеттің ғылыми советі. Онда Шағила Құсанова « Ауыл-селодағы партия үйімдарының нығаюы және олардың Қазақстанда колхоз құрылышын жаппай ерістетудегі ролі» деген тақырыпта диссертация қорғап тұр. Профессор: Жабық жасырын дауыстың корытындысы бойынша Шағила Құсановаға тарих ғылымының кандидаты атағы беріледі.

Шағила: Иә, мен Ұлы Отан соғысына қатыстым. Соғысқа дейін осы университеттің шәкірті едім. Мынау жерде мениң партам болатын. Соғыстан соң да осы орында отырып, университет бітірдім. Ал мынау құрбым Зияның орны еді. Бірақ ол соғыстан оралмады, майданда ерлікпен қаза тапты.

Студенттер біріне бірі карасып, тым-тырыс болып қалады. Олар ұстазына мактандышип көз тігеді. Шағила толғана тұрып сөзін аяқтайды.

Шағила: Ендігі ойым – Ұлы Отан соғысына арнал докторлық диссертация жазу. Онда Отан үшін шайқасқан жауынгер серіктерімнің өшпес ерлігін баяндап беруге тиістімін.

Аудитория бір сәт мұлтіген тыныштыққа бөленеді. Содан соң ол тыныштық үзіліске соғылған қоңырау үнімен жалғасты.



## КЕШЕГІ ЖАУЫНГЕР – БУГІНГІ ФАЛЫМ

«Құсанова диссертация қорғайды деген құлақтандыруды газеттерден оқығанда оны білетіндердің үлкен-кішісі: «Бұл қай Құсанова, әлгі өзіміздің жауынгер Шағила емесп пе!!» – десті.

Олар қателескен жок еді. Осы жылдың алғашқы айының бас кезінде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ғылыми совет болды. Оған тарих ғылымының көптеген ғалымдары қатысты. Трибунаға шыққан Шағила Құсанова ә дегендे жүрексінгенімен сөйлей келе, айттар ойын тыңдаушыларға байыпты жеткізді.

Диссертацияға байланысты пікір айтушылар да аз болған жоқ. Шағила ғалымдардың сол пікірлерін үйіп тыңдай отырып, терең ойға кетті. Сонау Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары да оның көз алдынан өтіп жатты.

... 1943 жыл. Август айы болатын. Майдан шебінде «5-АК» рациясын иғына асып алып, барлаушылардың соңынан эскери кім киген бір әйел еріп келе жатты. Сол сэтте ақша бұлттың арасынан жара шыққан жау самолеттері айналаны сілкіндіріп бомбалай бастады. Жаңа ғана маужырап тұрған жарық дүние астан-кестен болды. Шағила барлаушылар көрсеткен координаттар бойынша берілген ақпарды командалық пунктке, онан берілетін бұйрықтарды дивизиондарға кезінде жеткізе берді.

Осы жолғы ұрыста бұршақтай жауған оқтың астында отырып, байланысты үзбегені үшін ол «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальмен наградталды. Шағила армия қатарынан оралысымен үзілген оқуын кайта жалғастырды. 1949 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірісімен Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түсті. Оны үш жылдан соң ойдағыдай аяқтады. Шағиланың ғылым шыңына кең құлаш сермеуі міне, осы кезеңнен басталады.

Диссиденттың алған тақырыбы «Ауыл-селодағы партия ұйымдарының нығаюы және олардың Қазақстанда колхоз құрылышын жаппай өрістетудегі ролі» деп атлады. Жас ғалымың бұл енбегі 1929 жылдың екінші жартысы мен 1930 жылдың алғашқы жартысы тұсында республикамыздағы коллективтendіру кезеңін қамтыған.

Шағила Әкімбайқызы Құсанованың бұл тұнғыш ғылывын зерттеу еліміздің белгілі ғалымдары да жоғары бағалады. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетініңғылымисоветі оған бір ауыздан тарих ғылымының кандидаты деге ғылыми атақ беруге үйғарды.

Социалистік Қазақстан,  
1963, 23 февраль

**Төреғали ҚАРАТАЕВ,  
Мәмбет ҚОИГЕЛДИЕВ,**

**ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ, ҚАЙРАТКЕР  
(Профессор Шағила Құсанова хақында бір үзік сыр)**

Атакты да айбынды Бауыржан аға Момышұлы Шағила Құсановага «перште» деп ат қойыпты.

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов «Майданда – батыр, еңбекте – ер» деп баға беріпті.

Осы бағалар түп-түгел шындық, алып-косары жоқ. Оны біз, қанша жыл қанаттас қызмет атқарысып жүрген әріптері, күн сайын көріп – біліп, улті тұтып үйреніп келеміз.

Дуалы ауыздарға ерте ілініп, Баумен айтқандай «перште», Әзірағаң айтқандай «батыр» Шағила хақында, оның ғылыми, қоғамдық педагогикалық қызметі, майдандағы қаһармандығы, бүткіл өнегелі өмірі жайында түгел айтып жеткізу мүмкін емес. Оны сеземіз. Бірак, осы бір сирек жан төнірегінде бір үзік болса да сөз айту – бізге үлкен қуаныш.

Шағила Шығыс Қазақстанның перзенті еken. Сондағы Ұлан ауданының Босанбай деген ауылында 1923 жылы көктемде дүниеге келіпті. Әкесі Әкімбай көкірегі ашық, төнірегіне қадірлі, ой-өресі биік адам еken. Сонысы голошекиншіл әкімдерге жақпапты. Отбасындағы он бір адам Голошекин геноцидінің құрбаны болып кете барады.

*Шағила сонда тоғыз жасар еken. Қиерге кiим, iшерге тамақ таптай жетім қалған жасас булдершін балалар үйіне әрең жетеді. Бірақ жетімдік оны жасыста алмады. Керісінше, намысын қайрап, ширага тусты.*

Мектепте оқи журе жастайынан еңбекке араласты, үлкендерге колқабыс етті, өзіне тыын-тебен тапты. Тапқан-таянғанын үш жыл бойы тірнектеп жиып, 1940 жылы Алматыға аттанады.

Бұрыннан даярлығы терең қызы емтиханнан мұдірмей өтті. Бүкіл Қазақстан білімінің «қара шанырағы» атанған Қазақ мемлекеттік университетінің тарих – филология факультетінің студенті болып шыға келді. Ұзақ жылғы арманы орындалды, қуанышында шек жоқ...

*Міне, дәл осы қуанышты күндердің бірінде Ш. Құсанова тағдырының құйынданай дөңгелеткен қара дауыл басталды. Кеңес Одагына фашисттік Германия соғыс жариялады. Ол кезде Қазақстан да соның құрамында болатын.*

Намысқой қыздың ойы сан - саққа жүгірді. «Ағаларымнан жаным

тәтті емес, жауды жеңбей қайтпаймын» деп, военкоматқа жалынып – жалбарынып жүріп, ақыры Ташкенттегі екі айлық радистер курсынан бір-ақ шықты. Содан 1941 жылдың аяғынан бастап, 1945 жылға дейін қан майданың қақ ортасында болды. «Жауды жеңбей қайтпаймын» деген антын өжет қыз абыраймен орындал қайтты.

Шагила Әкімбайқызы қатысқан, ерен ерліктің небір кереметтерін көрсеткен шабуылдарды жәй тізбектеп қана атажаның өзінде бізге көп уақыт қажет болар еді. Дон майданы, Сталинград, Харьков тубіндегі шайқастар, Украина мен Молдавияны азат ету, сырт жерлердегі Румыния, Польша, Чехословакия, Германияны фашисттерден азат еткен батырларымыздың ортасында бүгінгі ғылым докторы, профессор Ш. Құсанова да жүрді. Мұны біз масаттанып, мақтандып айтамыз.

«Жеңдік қой жауды, арман не, құрбым,

Күркіреп күндей өтті ғой соғыс», – деп Қасым ақын жырлағандай, жауын жеңіп, елге келіп, Шагила ҚазМУ-дағы окуына қайта оралды. Курстастардың алдыңғы легіңен көрінді. Отан тарихының баспа көрген беттерін жалықпай парактады. Сондықтан болар, 1949 жылы оку бітірерде, университет басшылары оны аспирантураға қалдырыды.

Шагила Құсанованың бақытына қарай, бұл ғылымдары гуманитарлық ғылымның ең ірі ғұламалары: М. Эуэзов, Э. Марғұлан, Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, А. Нұсінбеков сынды ағалары көш басында жүрді, жас ғалымдарға ақыл-кеңестерін беруден ешбір жалықпады. Солардың шарапаты Шагилага да тиdi. Ш. Құсанова тарих ғылымының жалсауын бійк ұстауды ғана емес, алдындағы мақтасына жетүде мызғылас табандылықты да осы бір «алыптар тобынан» үйрәнді. Міне, 46 жыл бойы Шәкен өзінің үшікап ұясы ҚазМУ-де қызмет атқарып келе жатыр.

Ш. Құсанова бүгінгі жеткен биігіне өзіне ғана тән сирек қасиеттерінің арқасында ғана жетті деу керек. Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Жогары оқу орындарына еңбек сіңірген қызметкер, Қеңес Одағы Жогары мектебінің озық қызметкері, тарих ғылымының докторы, профессор, көптеген диссертациялардың, ғылыми зерттеулердің жетекшісі, ұлагатты ұстаз.

Галым апамыздың зерттеген тақырыбы кең. Республикадагы қоғамдық ұйымдар, оның ішінде қасіподар ұйымы, әйелдер ұйымы, «Алаш» қозғалысы, сол ұйымдарға басшылық жасаған ардагерлер ұлт-азаттық қозғалыс, айта берсе толып жатыр.

Әрине, Шагила Әкімбайқызының ғылыми еңбектерінің ең сүбелісі –

Қазақстандағы Қазан төңкөрісінен кейінгі бұқаралық үйымдар тарихы жайындағы еңбектері. Осы тақырып бойынша және жоғарыда аталған мәселелер төңірегінде Ш. Құсанова 6 монография, 30 ғылыми кітапша, 60-қа тарта мақалалар жазыпты.

*Шагиланың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі де, бейбіт замандагы ғылыми еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Майдангер ретінде 25 рет мәрапатталған.*

Ғалым Шағила отыздан астам ғылым кандидаттарын, жеті ғылым докторын тәрбиелеп шығарған. Бұл еңбектері де кезінде тиісінше бағаланды. Шағиланың аса зор мақтаныш тұтатын наградасы – 1995 жылы өзінің егемен елі өніріне таққан «Құрмет» ордені.

Бақ кейде тауып қонады кейде ауып қонады. Ауып қонса есіртеді, тауып қонса ессеитеді. Шағилаға бақ тауып қонған. Есірмеді, есейе берді. Жоқта – жоқ деп жасымады, барда – бар деп тасымады. Кіслік кішіден де кездеседі, иттік іріден де шығады. Иттік пен кіслік бір кісінің басында қатар жүретіні де болады (Ә. Нұршайықов). Шағила ондай екіжүзділіктен мүлде аулак.

*Қазактың түп шешені Анахарсис (Анақарыс): «Тіліңе, құлқыңа, әңпсіңе ие бол» деп гибрат қалдырыған екен. Шағила осы гибраттан бір хал айныған емес.*

Ғалымның өзгеде кездесе бермейтін бір ерекшелігі – екі тілге де (орыс пен қазақ тілдеріне) бірдей жорғалығы. Факультетте магистранттар Шағила дәрісін қазір қазақша тындалса, екі сағаттан соң орысша тыңдал отырғаны.

Профессор Ш. Құсанованың уыздай ұйыған мәуелі отбасы бар. Жұбайы Бекбаев Асылғазы – Ұлы Отан соғысының ардагері, республика мәдениетіне еңбек сінірген қызметкер. Бір кезде республикалық «Қазақконцерт» ұжымын басқарды. Бүгіндері құрметті демалыста.

Шәкен мен Асекенің үш баласы халқы үшін тер төгіп жүр. Жүсіпбек – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің полковнигі, Асқары – компьютер жүйесі саласының бизнесмені, Айман есімді қыздары бүкіл әлемге әйгілі скрипкашы, Музыка академиясының ректоры. Бұлардың бәрі Шағиланың мәнді ғұмырына сәнді ажар қосып, жанына нұр, бойына қуат құйып отырады.

*Осы айтылған көп қасиеттің ішінен. Шәкен бәрінен бұрын адамишылық қасиетті бірінші орынга қойғаны байқалады. Сондықтан оның адамишылық қасиеттің кір шалмай келеді. Бұл кісі езін жетілдіре беруден жалықтайтын адам, қолынан келген жақсылығын жақынын түгілі, алысынан аймайтын адам, мейліңшіе бүкпесіз, жомарт көңілді адам.*

*Шәкең жасынан топ жара шыққан қыз. Бәйгеге сан сәйгүлік қосылады. Көбісі қарақышыга жетпей жолда қалады. Жеткендердің өзі діңкелеп әзер жетеді. Солардың ішінде бірен-сараны ғана қарақышыдан зымырап өтеді. Профессор Шагила Құсанова да қарақышыдан зымырып өтіп барады. Шабысынан танбасын дейік.*

Қазақ айтулы, ақылды, көшелі қыздарға кенде болмаған. Домалак ана, Бегім ана, Айша бибі, кешегі Элия мен Мәншүк... Солардың бүгінгі ұрпақтарының бірі – біздің әрі майдангер, әрі ғалым, әрі ұстаз, қайраткері замандастымыз Шагила Әкімбайқызы Құсанова.

*Әр мемлекеттің оқымыстылары сол қоғамның интеллектілік жинақ кассасы іспетті, сол елдің ар-ұят, ырысы. Ырысымыз молая беруі үшін Шагила Құсановадай оқымыстымызға ұзақ, мәнді, сәнді зұмыр тілеітік.*

Егемен Қазақстан,  
1998, 14 сәуір



## Өріс ЯШУКІРҚЫЗЫ

### БАТЫР ДЕСЕ – ДЕГЕНДЕЙ, ҚАҢАРМАН ДЕСЕ – БОЛҒАНДАЙ (Отан соғысының ардагері, ғалым Шағила Әкімбайқызы Құсанова хақында)

Керемет кісімен кездескініз келе ме? – деп сұрақ қойды жас бастығым Талғат Батырхан.

– Эрине, – деймін ғой, солдаттарша тік етіп. – Ендеше, міне мекен-жайы, міне аты мен жөні. Сөз бітті. Мен жөнелдім.

Жолда келе жатып, ойланамын. «Біраз жасқа келген үлкен кісілерді білем ғой. 50 жылғы тарихты айтып, кемінде 3 сағат отыратын шығармын». Жоқ, бәрі керісінше шыққаны. Есікті ашқан үлкен кісі болғанмен, аяқ-колы менен женіл. Кунақ. Жинақы. Ықшам. Сөзі әскери адамдардікіндей. Тақпа-так, нақпа-нақ. Өзіне 76 жасты беру қыын. Үлкен кабинеттің алып келді. Алдында «Астана ақшамы» газетінің 1 жылдық мерекелік нөмірі. Өз газетім алдыннан қарсы алған соң мұлде қуанып кеттім. «Е, біздің газетті оқитыны жақсы екен» деп қалдым ішімнен. Ол кісі осы ойымды сезгендей:

– Ойпыр-ай, бәрінің үй-күйлерің жоқ екен. Мұнда жазған екенсіндер. Мен Сіздердің мұндай жағдайларынды мына газеттерінізден оқып, әжептәуір ойланып қалдым, – деді аяушылық сезімін білдіре.

– Ал, мен Сізді мұлде карт екен десем, – деп мен де өз ойымды бүкпедім.

– Ой, несін айтасың. Мен деген ғажайып өлімдерден аман қалған адаммын, Алдымен айтсам, Голощекин геноциді кезінде 11 жаннан тұратын үлкен отбасынан тірі қалдым. Бәрі аштықтан қырылған ғой. Көршілер менен сәл үлкен ағама келіп, «қарындастың өліп қалыпты. Бір жерге апару керек шығар» – дейді. Ағатайым да жас қой. Құлағымен мені тындаса, лұп-лұп бір белгі бар дейді. Содан кейін әйтеуір қолымен дем жасап, тірілткен, үлкендерге көрсеткен. Әйтеуір аман қалыппын. Сөйтіп, мен қарағым, көрге жастайымнан кете жаздағанмын...

Ақыры оқыс басталған әңгімені тоқтатпадым. Шағила Құсанқызы жалғастырып әкетті.

1932 жылы екен бұл кез.

Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бозанбай ауылында тірі қалған аз жанның қатарында Шағила Әкімбайқызын ағасы балалар үйіне тапсырады.

– Мұнда мен ширак естім. Әлжуаз болғаным жоқ. Соңды ғымнан шығар жоғары кластарда оқи жүріп, жұмыс істеп, оны тірнектеп жинадым. Сөйтіп, осы қаражатыммен 1940 жылы Алматыға келіп,

С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетке окуға түстім. Ал, Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға сұраным – дейді.

□ Апыр-ай албыртсыз ғой. Қорықпағаныңыз содан шығар.

□ Неге? Мен дегенің ұшқыш болғым келген. Мария деген атақты ұшқыш қыздың данқы ол кезде аспандап тұрған. Отанды қорғау деген тек бір ғана ой болды. Патриоттық сезім басым еді...

– Шағила апамыздың майданға сұранған тілегі қабылданады.

Ташкентте бұдан соң екі айлық радистер курсын бітіре сала, 1941 жылы желтоқсан айында десанттық әскер құрамында Керч қаласын азат ету операциясына қатысады. 1942 жылы мамыр айынан бастап Ш. Әкімбайқызы 14 гвардиялық атыштар дивизиясы (мұны топ бұзар дивизиясы деп атаған) құрамында болып, Дон майданы, Сталинград, Харьков түбіндегі шайқасқа, Висла Сандомир плацдармын алуға, Румыния, Чехославакия, Польша және фашистік Германияның өз территориясын азат етуге қатысады. Осы ерліктері үшін Кеңес Одағының көптеген құрметті одактық наградаларына, медальдарына ие болған. Біздің ұлтымыз халық батыры атап кеткен, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы Шағила Әкімбайқызын осы ерліктері, майдандағы атақты ұрыстарға катысқаны үшін де қатты бағалап, сыйласп, өле-әлгенше қадірлеп өтіпти. Ал халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов болса, «Майданда батыр, еңбекте ер деген» еңбегін Әкімбайқызына арнады.

Соғыс аяқталған соң Шағила университеттегі оқуын одан әрі жалғастырып, 1949 жылы тарих факультетін бітіріп, аспирантураға түседі. 1952 жылдан 1998 жылға дейін 44 жыл сол университетте бір орында ұстаздық, педагогтық қызметтін аткарды.

– Баяғы өзінізбен аштықта бірге аман калған бауырыныз, ағатайыныз қалай болды? - деп сұрадым мен әңгімесінің бір желісі аяқталғанда.

□ Ол ағатайым әмір сүрді, еңбек етті. Бұдан үш-төрт жыл бұрын 1995 жылы қайтыс болды. Артында 7 баласы бар. Олардың бәрі де жоғары білім алды. Алматыда Денсаулық сақтау министрлігінде, Ресейде, Зайсанда ұлдары еңбек етуде. Ал өзім Асылқазы Бекбаевқа тұрмысқа шықтым. Бекбаевтар әuletі текті адамдар. Мұхтар Әуезовтің «Бек-аға» деген естелігі бар. Сонда Абайдың досы болған Бекбай атамыз туралы жазылған. Гүлнэр Дулатовың да осы атамыздың үйінде «Алаштың» бетке ұстар азаматтарының жиі бас қосатыны жайлы әңгімесі бар. Ал, Мұхтар Әуезовтің «Абайдың ақын шәкірттері» атты кітабында Абайдың алғашқы мұражайы Бекбай Байысовтың үйінде ашылғаны жайлы суреттеледі. Бұл жайында ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсанында бірнеше рет әңгімелер болды. 1961 жылы менің күйеуімнің

әпкесі Файникомал Бауыржан Момышулына тұрмысқа шығып, өмірінің соңғы күніне дейін осы киелі шаңырақта болған. Сондықтан біздің отбасымыз Бауыржан Момышұлымен туысқандық қарым-қатынаста болдық. Бауыржан аға менің енем Салиханы ете жақсы көрді. Ол менің балаларым сыйлыққа берген кітаптардың мұқабаларына Бекбаев – Момышұлы деп кол қоюды ұннататын.

Жақсы отбасына жақсы адамдар да жұғысты болаты ны расқой. Шағила Құсанованың ұлы Аскар Бекбаев бұдан 23 жыл бұрын мөлдіретіп аппақ ару Айман Мұсаходжаеваны келіндікке алып келеді. Міне «әлем әртісі» Айман Шағила Құсановтар әuletінің мүшесі, сүйікті жаны. Ұлы Аскар Қазақстандағы құшті ірі кәсіпкердің бірі. Шағила апайдың екі ұл, бір қызы Ленинград, Мәскеу және Қазан мемлекеттік ұлттық университеттерінің түлектері. Олар бүгінгі таңда республикамыздың мәдениеті мен өркениетіне, экономикасына үлес қосып, игілікті қызмет жасауда. Ал, жұбайы Асылқазы Бекбаев Ұлы Отан соғысының ардагері, республика мәдениетіне еңбек сінірген қызметкер.

Шағила Әкімбайқызының ғылыми салада «Қоғамдық үйымдар», «Кәсіподақ үйымы», «Әйелдер үйымы», «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс», «Абайдың пәлсапалық көзқарасы», «Алаш ардагерлері» тағы да басқа тақырыптарда еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ «Жетісу», «Казахстанская правда» газеттерінде, «Қазақ тарихы» журналында, КазМҰУ хабаршысының тарих сериясында, Казакстан Республикасы Ғылым академиясының «Вестник» жинағында мақалалары мен жалпы қоғамдық үйымдар және «Алаш» қозғалысы жөнінде ірі-ірі еңбектері жарияланды. Ол 1963 жылы кандидаттық диссертациясын бітіріп, 1978 жылы докторлық диссертациясын корғады. Ұлағатты ұстаз, ғалым ғана емес, ол өзінің өмір жолында абыройлы ғылымдастырушы, белсенді қоғам қайраткери. 1980-1990 жылдары аралығында университетте кафедра менгерушісі қызметін атқарды. Осындағы еңбектері жоғары бағаланып, 1986 жылы Шағила Әкімбайқызы Енбек Қызыл Ту орденімен марарапатталды. Ол оның Отан соғысы жылдарындағы алған 25-тен астам ордендері мен медальдарының қатарын тағы да толықтырды.

Шағила Әкімбайқызы қарапайым, кішіпейіл. Бір көргеннен өзінді баурап алатын ерекше қасиетін мен де білдім. Оның жетекшілігімен 30-дан астам аспирант, 7 ғылым докторы даиындалып шықты. Бір ғана ғылыми еңбегінің өзінен 100-ге жуық ғылыми мақалалар, 6 монография жариялады. Соғыстың бел ортасында майданда, ысқырған оқ арасында журіп осындағы қажырлылықты менгере білгені таңданбасыңа қоймайды.

Әңгімежелісінде Ш.Әкімбайқызының Чехославакия, Украина, Ресей елдерінің бірнеше рет құрметті қонағы болғаны аңғарылды. Өйткені, 1994 жылы қазан айында Ш. Құсанова Қазақстан Республикасы атынан барған үкіметтік комиссия құрамында Украина жерінің фашизмнен азат етілуінің 50 жылдық мерейтойына қатысқаны жайлы құжаты болса, Луганскіден шыққан А. Гайдеевтың «Четырнадцатая гвардейская стрелковая, Армия и фронта» деген кітабында Ш. Құсановага арнайы тоқталған бөлім бар. Бар-жоғы 40 минутқа жетпейтін әңгіме барысында Шағила Әкімбайқызы Құсанованың қаһармандық атағы болмағанымен осындай атаққа сай параллель енбегіне күэ болдым.

Мен сағатыма қарадым. Ол да сағатына қарады. Оны Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық музыка академиясының шекірттері күтіп отырды. Мен редакцияға асықтым. Көкейімде ол кісіге деген ыстық ықылас, ыстық құрмет сайрап жатты. Өйткені ұстаз әлі де қатарда, офицердей сапта тұр. Мұнда ол әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасын менгереді. Қаһармандағы қажырлы, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында елін Тұмар ханымдай қорғай білген Шағила Әкімбайқызымен жылы қоштастым.

Астана ақшамы,  
1999, 8 мамыр



## Гүлнахия БІРЖАНОВА

### АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН

Ұлы Отан соғысының ардагері, төмәнгі күштік ұстаз, ізденімпаз галым Шагила Әкімбайқызы Қусанова аты аңызға айналған қазақ қыздарының бірі, өмірден көргені көп, тоқығаны мол адам.

Шагила атап 1923 жылдың көктемінде Шығыс Қазақстан облысында қоғалалы отбасында дүниеге келді. Бірақ казақ даласындағы отызынши нәдімет жылдары отбасындағы 13 жаңнан он төрт жасар ағасы мен сегізге толған Шагила ғана калады. Екеуденекеу қалған қорғансыз балалардың күн көруі ол уақығга өте қыын еді. Қорши-қолаң ақылдастып, ағасы Бейсенбайды ауыл шаруашылық мектеп-интернатына, Шагиланы балалар үйіне орналастырыды. Ағасы карындастын көз жазып қалмау үшін балалар үйіне жиі келіп турды. Ал, Шагила жасынан алғыр болып өсті. Оқуга да зерек, жұмыска да пысық, когамдық өмірде де белсенді болды. Мектепті үздік бітіріп, Алматыға окуға келеді. Талантты жасас Қазақ мемлекеттік университетіне оқуга түседі, бірақ іле-шала Ұлы Отан соғысы басталып кетеді.

Ер-азаматтар соғысқа лек-легімен аттанып жатты. Оқу орнынан солдат шинелін күт кеткен студенттер Отаны үшін жаумен шайқасып жаңталасты. Олардың рухы биік, патриоттық сезімі күшті еді, соғыстан келген үшбүрші хаттары да жігерлі, сенімге мол болатын. Алада, ажсал аңдыған жауынгерлердің бірінші «қара қағаздары» келе бастады.

Балалар үйінде тәрбиеленіп, Отанын анам деп санайтын Шагила терең толғаныс үстінде жүрді. Бір күні ол әскери комиссариатқа барып, өзін майданға жіберуді отінді. Комиссар ақылын айттып, шығарып салмақшы болғанмен бірақ қайсар қызы оған көнбей: «Отаным отқа оранып жасатқанда, жолдастарым қан кешіп жүргенде, мен мұнда тыныш ұйықтайды алмаймын. Елім үшін өлсем, өкінбеймін! – деп отырып алды. Ақыры әскери комиссариаттың жолдамасымен Та什кенттегі екі айлық радиостер курсын бітіріп, майданның алдыңғы шебіне аттанды. Тал шыбықтай иілген нәзік қызы он-жысырма килограмдық сым оралған катушкаларды арқалап, оқ астында оқтын-оқтын жүзгіре басыл үзілген сымды жалғап, байланасты камтамасыз етіп отырды. Ожет қыздың жаңкешті қымылдарының арқасында оның әскери болімшесі командованиеден қол үзбей, шабуыл уақытында керекті нұсқаулар алып отырды, сондықтан да кісі шығыны аз болатын. Шагиланың эфирдеғі: «Я – Чайка!» – деген дауысын естігендеге жауынгерлер жігерленіп,

өздерін сенімді үстайтын. Жанын шуберекке түйіп, өз жауынгерлік міндемтін атқарып жүрген осынау шынашақтай қыз еңгезердегі жігіттерге үлгі болатын. Олар Шагиланы қарындастарындағы сыйлан, оның тірлігіне дән риза болып, аса құрметтейтін.

Аркасына рациясын таңып, автоматтын асынған қазақың бүлдіршін қызы Отан соғысының отты жолдарымен 1941 жылдың күркүйегінен 1945 жылдың мамыр айына дейін соғысып, фашистердің үясы – Берлинге де жетті. Осы үзақ жолдың устінде гвардия сержантты Шагила Құсанова 14-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында бірінші және екінші украиналық Қырым, Дон, Степной, Сталинград майдан багыттарында соғысып. Дон, Днепр, Одер өзендерінен өтігі, Украина. Польша, Чехославакия, Румыния, Германия жерлерін, Висла-Сандомир плацдармын алуға қатысты. Осы ерліктері үшін Шагила Экімбайқызы отыз шақты мемлекеттік награда ішегері болды, оның ішінде Чехославакия, Украина, Ресей мемлекеттерінің де ордендері бар.

Соғыстан кейін Шагила Экімбайқызы оқуын жалғастырып, үстаздыкты таңдаіды. Асылгазы Бекбаев сияқты кеңпейілді, ақжарқын адаммен бас қосып, отау тігеді. Ортасына сыйлы Асылгазы ағай көп жылдар бойы мәдениет саласында жауапты қызметтер атқарып жүріп, талай таланттың көзін ашып, талай дарынга демеу болады.

Казір де Шагила Экімбайқызы еңбектін алдыңғы шебінде жүр. Астана ел ордасы болған күзінен қоныс аударып, жаңа құрылған Қазақ Ұлттық музика академиясының шаңырағын көтерісін, қалыптасуына бар білімін күши-жігерін салып жүрген абзal азамат, ұлагатты үстаз, білікті галым.

Академик Құсанованың бастамасымен музика академиясында «Ана тіл» қогамы ашылып, өз жұмысын жүйелі турде атқаруда. Сонымен катар Шагила Экімбайқызы қалалық ардагерлер үйімінің белсенді мүшесі, Ғылыми диссертациялар коргау кеңесінің мүшесі, кафедра менгерушісі.

Қызмет бабында Шагила Экімбайқызымен жақын арапасып, ол кісінің аузынан талай тәлімді әңгімелер тыңдадым. Кашианда ақжарқын үстаз келбеті адамды бауырына тартып тұрады. Осындаі аяулы жсанмен бір ұжымда қызмет істеп, әріптесі болуды біз мақтан тұтамыз.

Бүгін Шагила апай Мәскеуге үшіп кетті. Ресей астанасындағы Жеңіс шеруіне шақырылған еді. Бұл сексенге келген қайсақ қызына көрсетілген құрмет деп білеміз.

Астана ақшамы,  
2003, 8 мамыр

**Динара БІТІКОВА**

**РАДИСТ**

(Ұлы Отан соғысының ардагері Шафилә Құсанова)

Ұлы Отан соғысының ардагері Шафилә Құсанова... Ол кісінің өмірбаяны туралы ақпараттарды ақтартған сәттен-ақ кейіпкеріммен тезірек жүздесуге асықтым. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, жасы тоқсаннан асқан әжейдің қолын алғып қайтудың өзі ғанибет кой! Алайда, қанды майдан жылдарында от кешкен қазақтың қайсар қызымен қауышудың сәті бірден түсे қоймады. Қызы Қарлығаш апайды да әбден мазалағандаймын. Телефон нөмірін күнде теремін. Сөйтіп, Женіс күні жақындағанда ғана Шафилә апай Алматыдан Астанаға атбасын бүрді. Сыртқы есіктің қонырауын басқаннан соң ғана сағатыма көзім түсті. Тым ерте, шақырған уақыттан тұра жарты сағат бұрын барғанымды енді байқадым. Астанаға келгелі телевидение журналистері де Шафилә апайды бірінен соң бірі әғирғе шақырып, босамай жатқандарын қызы Қарлығаш апай алдында айтқан болатын.

Қалай дегенмен, карт кісі ғой, демалуға да мүмкіндік бермей, шаршатып аламыз ба?! «Қап, ұят болды-ау, далада жүре тұруым керек пе еді» дегенімше болған жоқ, арғы жағынан қонақжай жас келіншек есік ашты. Апайдың үйде екенін айтып, төргі бөлмеге шақырды. Суреттеп болмаса, бұрын-соңды Шафилә апайды көрген емес едім. Әйтеүір жасы 93-ке аяқ басқан қарияның қандай болатынын болжап, үйді көзіммен шолып Шафилә апайды іздедім. Міне, қызық, апай үстел үстіндегі азық-тұліктерді жиыстырып жатыр екен. Қымылы ширак. Әр нәрсени жеке-жеке алғып, сыртындағы жазуларына дейін оқып қояды. Біздің өзіміз көзәйнексіз сықсып көре алмайтын жазуларды судырлатып оқығанымен қоймай, онын әрбірінің қандай пайдасты бар, қажет-қажет еместігіне дейін сұрыптап салып, лезде үстел үстін қалыпқа келтірді.

Іштей: «Шафилә апай осы кісі ме екен өзі?», деген күдігім де боғаны рас. Шыны керек, тоқсанды артқа тастап, жүзге аяқ басқан кісіні басқаша елестеткен едім. Бірақ, мен ойлағандай емес, қазақтың батыр қызы қарттығында да қайраттылығынан қайтпапты. Самайын ақ шалып, бетін қарияға тән әдемі әжім әрлеген кісінің жанаарында батырға тән от ұшқыны әлі де сөнбекен. Тіпті, сөйлегенде де дауыс ырғағы әскери адамның айбынды, бүйрықты үніндей естілді.

Ата-анасынан ерте айырылған Шафилә апай жетімдік пен жалғыздықтың ашы дәмін ерте татқан екен. Ол балалар үйі мен интернатта тәрбиеленіпті. «Е, менің өмірім ертегі сияқты. Бір адамның басына жетіп-артылатын түрлі қындықты да, қызықты да көрдік

көй. Қанша рет өліп-тірілдім. Бірақ, адамның жаны сірі екен. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», деген осы шығар. Бес жасымда анамнан айырылып, аштан өлуге шақ қалып, шала-жансар жатқанымда да адамдар тауып алып, мені қатарға қосыпты. Төрт жыл бойғы соғыста да женіл-желпі жарақат алғаным болмаса, сап-сая елге оралдым.

Айта берсек, өмір деген өзі үлкен өзен, ағысы қайда барып соғарын білмейсін. Менің өмірім түгел қындыққа толы болды демеймін. Бала күнгі бейнетімнің зейнетін көрдім. Мүмкін жаратушы Алла аяушылық танытып, мені өзі қолдады ма, кім білген?! Қанша қындық көрсем, өмірде сонша жақсылық көрдім», дейді қария өміріне тәубесін айтып. Иә, табиғатынан қайсар, жаратылышынан табанды жан тағдырдың салған тауқыметіне мойын сұнбады.

Орта мектепті бітірген соң, Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих және филология факультетіне окуға түсіпті. Бұл Шағила апай үшін ғылымның даңғыл жолындағы алғашқы баспалдак еді. Алайда, ол университеттің бірінші курсын бітірген 1941 жылы маусым айында тұтқылдан соғыс өрті бұрқ ете қалады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде елімізден ер-азаматтармен қатар қазақ қыздары да өз еріктерімен майданға аттанды. Солардың қатарында Шағила апай да болды. Әрине, қайсарлық пен қайраттылыққа өмірдің өзі тәрбиелеген Шағила Әкімбайқызының сол бір ел басына күн туған қыын-қыстау заманда басын өлімге тігіп, Отанды жаудан корғауға аттануы үлкен ерліктің белгісі емей немене?!

Ол 1941 жылдың қыркүйек айында Ташкентте қысқа мерзімді байланысшылар курсынан өткеннен кейін, желтоқсан айында Қырым майданындағы Керч қаласын азат етуге қатысқан десанттық эскер құрамында болыпты. 1942 жылдың мамыр айында 14-атқыштар дивизиясы құрамында Дон майданындағы, Степной және Сталинград майдандарындағы қанды шайқастарға қатысқан. Сталинград түбіндегі женістен соң, 14-атқыштар дивизиясы Оңтүстік-Батыс, I және II Украин майдандары құрамына енгізілді. Соңда жүріп Шағила Әкімбайқызы Румыния, Польша, Чехословакияны азат етуге бағытталған батыл шайқастарда да ерліктің тамаша үлгілерін танытты. Осылайша қайсар мінез иесі «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» және тағы басқа да наградалармен марарапатталған.

Шағила апай соғыстан кейін оқуын қайтадан жалғастырыпты. Кейіннен үлкен ғылым жолына түсіп, кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек еткен. Бірқатар монография мен 150-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Ол – бірнеше ғылым докторы мен

кандидаттарын даярлаған танымал ғалым, ұлағатты ұстаз. 1981 жылы педагогикалық саладағы үздік еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Ал 1995 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды. Шағила апайдың жұбайы Асылғазы Бекбайұлы кезінде мәдениет саласында бірқатар лауазымды қызметтер атқарған қайраткер. Ол да Ұлы Отан соғысы ардагері болатын. Өкінішке қарай, Асылғазы Бекбайұлы осыдан бірнеше жыл бұрын өмірден озды.

«Ол кісі де ұзақ жасаған екен ғой», дедім іштегі ойымды жасыра алмай. Шағила апай терең бір күрсініп: «Жоқ, ол одан да ұзақ жасауы керек еді. Қайдан білейік, мүмкін дәм-тұзының жеткен жері сол болған шығар», деді. Әңгіме ауанын өзгертуекке ұмтылып, соғыс тақырыбына қарай қайта ойыстым. «Сұрапыл соғыс кездері кешегі күнгідей көз алдында, ешқашан ұмытылмайды», дейді Шағила Әкімбайқызы.

Ардагер ана енді ешқашан соғыс болмаса екен деп тілейді. «Қазақ деген сөз еркін елдің ерікті азаматы» дегенді білдіреді. Осы еркін еліміздің тыныштығын ешкім ешқашан бұзбаса екен. Берекес-бірлігіміз тасып, әрбір үйде шаттық болсын», дейді қазактың батыр қызы. «Айтқаныңыз келсін» айтып, біз де Шағила апаймен қоштастық. Кетерде қолын қысып тұрып: «Әлі де ұзақ жасай беріңіз», дедім. Есіктен шыққанымша көзімен ұзатып салған қарияның қасқайған қайсарлығы, батырға тән қайраттылығы әлі де өн бойынан есіп тұргандай.

Егемен Қазақстан,  
2015, 8 мамыр



## ПОТАПОВ А.В.

### ГВАРДЕЙЦЫ ФРОНТА И ТЫЛА

Ежегодно в лекционных аудиториях Казахского государственного университета имени С.М. Кирова встречаются студенты с кандидатом исторических наук, доцентом Шагилем Кусановой. Она ведет курс истории КПСС. Читает лекции доходчиво, на высоком идеино-теоретическом уровне. Особенно живо, интересно и содержательно проходит лекция по теме «Партия в период Великой Отечественной войны». И это не удивительно. Лекция насыщена такими примерами, о которых студенты слышат впервые. Вполне естественно, что после такой лекции кто-либо из студентов обязательно задаст Шагилю Кусановой вопрос: «А вы сами были на фронте?»

И хотя к такому вопросу уже можно было привыкнуть, но каждый раз на лице ее появляется румянец. Она на мгновение умолкает, а перед глазами встают события почти тридцатилетней давности.

…Лето сорокового года. Воспитанница детского дома Шагиля Кусанова в последний раз пришла в Никитинскую среднюю школу Уланского района. Это был памятный день. В торжественной обстановке директор школы вручил ей свидетельство об окончании десятого класса.

«Восемь лет воспитывалась в детском доме и училась в нашей школе Шагиля, – сказал он. – Училась только на отлично. Была примерной пионеркой, активной комсомолкой. Теперь она едет учиться в Алма-Ату. Мы верим, что она будет честной, преданной Родине патриоткой».

В том же году Шагиля успешно сдала вступительные экзамены и поступила на историко-филологический факультет университета. Училась прилежно. Незаметно пролетел напряженный год учебы. Шли к концу экзамены. Последний из них пришелся на 23 июня. А за день до этого началась война.

Не могли комсомольцы университета остаться в стороне. Многие из них изъявили желание пойти добровольцами на фронт. Среди них была Шагиля Кусанова. Из девушек-добровольцев алма-атинских вузов городской военный комиссариат сформировал роту и направил ее в Ташкент на двухмесячные курсы радисток. «1 сентября, вспоминает Шагиля, мы приняли присягу. Занимались днем и ночью, недели две не видели солнца, а в день годовщины Великого Октября нас направили на фронт. Я и несколько девушек попали в Крым. Там, под Феодосией, я и приняла боевое крещение».

В мае 1942 года Шагилю Кусанову перевели радисткой в 33-й гвардейский артиллерийский полк, в составе которого она прошла по

дорогам войны до Берлина.

– «Сокол! Сокол! Я – Чайка! Я – Чайка! Передаю координаты...» И вслед за этим артиллерийские снаряды летели в стан врага, метко разили атакующих фашистов. Координаты и целеуказания передавала дивизионам Шагиля. Ее радиостанция всегда была исправной. В любое время, днем и ночью, в дождь и пургу она готова была выйти в эфир. Смуглолицая, стройная дочь солнечного Казахстана всегда была жизнерадостной. Воины полка любили ее. И она им отвечала тем же.

Как-то во время бомбейки Шагиля была ранена, но боевого поста не оставила. Она наотрез отказалась отправиться в медсанбат. В минуты затишья боя ходила лишь на перевязку в санроту. Тогда-то, в начале февраля 1943 года, она отправила письмо младшему братишке: «Дорогой Бейсембай! Враг под Сталинградом разгромлен. Мы получили медали за его оборону. Я этому очень рада. Вместе с тем я в эти дни очень скорблю. Вражья пуля оборвала жизнь моей подруги Зии Досбергеновой. Пока я не отомщу за нее фашистским извергам – никогда не успокоюсь».

И гвардейцы-артиллеристы беспощадно мстили гитлеровцам за смерть своих боевых товарищей. 33-й гвардейский громил оккупантов в Харькове, на территории право – бережной Украины, насмерть стоял на Саномирском плацдарме, участвовал в освобождении из фашистской неволи братских народов Румынии, Чехословакии, Польши, штурмовал Берлин. Как всегда радиосвязь работала бесперебойно. В одном из номеров газеты 5-й танковой армии, куда входил 33-й гвардейский артиллерийский полк, была помещена фотография отличной радистки Шагили Кусановой. За четкую и безупречную работу, способствующую успешному выполнению полком боевых заданий командования, гвардии младший сержант Шагиля Кусанова была награждена семью медалями, в том числе «За боевые заслуги», двумя медалями «За отвагу». В числе многих других она имеет несколько благодарностей Верховного Главнокомандующего И.В. Сталина<sup>1</sup>.

Отгремели орудийные залпы войны. Наступил долгожданный мир. Среди вернувшихся с фронта была Шагиля Кусанова. Снова университетские аудитории. В 1949 году она успешно окончила историческое отделение и была оставлена в аспирантуре при Академии наук Казахской ССР. Через три года Шагиля Кусанова успешно защитила кандидатскую диссертацию. Создала семью. Работает и растит троих детей...

«...Да, я была участницей великого сражения. Отсюда ушла на фронт. Вместе со мной поехала бить фашистов Зия Досбергенова,

тоже бывшая студентка. Она не вернулась с фронта, отдала жизнь за нашу Родину». Примолкла аудитория. С большим уважением смотрели студенты на своего преподавателя. Они восхищались ее мужеством.

Восточно-Казахстанскую область населяли представители многих национальностей. И все они – русские и казахи, украинцы и белорусы, татары и эстонцы в годы войны прониклись высоким чувством советского патриотизма. И это закономерно. Ибо все они были членами единой советской многонациональной семьи. Защищая Москву и Ленинград, Сталинград и Севастополь, они защищали Казахстан, всю Советскую страну. Во имя победы над врагом они шли на самопожертвование. За боевые отличия при выполнении заданий командования в борьбе с немецко-фашистскими оккупантами более 29 тысяч восточноказахстанцев, в том числе свыше четырех тысяч казахов, награждены орденами и медалями Советского Союза. 60 из них удостоены высокого звания Героя Советского Союза, 11 стали кавалерами ордена Славы всех трех степеней – высшей солдатской награды.

Невозможно рассказать о подвигах всех восточноказахстанцев. Героизм они проявили массовый. Их стойкость, мужество и отвага были порождены безграничной верой в правоту нашего дела, в могущество Советской страны, во все возрастающую помощь тыла фронту, в силу своего оружия. Их источником были верность воинской присяге, сознание личной ответственности за судьбу своей страны, своего народа, беспредельная любовь и преданность социалистической Отчизне, жгучая ненависть к врагу. Совершая героические подвиги, восточноказахстанцы не думали о личной славе, о личных почестях. Они шли в бой за счастье Родины, за счастье всего советского народа.

Нередко приходилось противостоять десяткам, а порой и сотням врагов. Не терялись в бою наши земляки. А собрав все силы, напрягая все мускулы, дрались до последнего патрона, до последнего снаряда, до последней гранаты и побеждали. Никто героем не рождался, но героем мог стать у нас любой, ибо геройство заложено в самом характере советского человека.

И еще одна примечательная черта. Многие наши земляки вступали в войну молодыми. Они выросли в годы Советской власти. Семья, школа, пионерская, комсомольская и партийная организации воспитали в них гордое чувство достоинства советского человека, научили связывать свою судьбу с судьбой Родины, считать ее величие своим величием, ее счастье своим счастьем. Большинство из них на фронте стали коммунистами. Идти в бой коммунистом советский воин считал для себя высшей честью. Идеи Ленина, высокое звание члена Коммунистической

партии делали их сильнее, храбрее и находчивее других. Никогда не изгладится из памяти короткий призыв: «Коммунисты, вперед!» Эти два слова стали неписанным законом в танковых атаках и воздушных, боях, на земле и под водой. Самое трудное и опасное задание поручалось коммунистам. Выше приведенные примеры убедительно показывают, как самоотверженно, как честно и доблестно выполняли на фронте коммунисты-восточноказахстанцы это важнейшее и最难的 задание родного Отечества. Чем труднее становилась обстановка и суровее бои, тем больше советские воины тянулись в партию. И это естественно и закономерно. Партия воплощала чаяния и думы народа, его непреклонную волю к борьбе и победе. Она сама явилась источником героических поступков во имя счастья живых.

Война – это величайшее народное бедствие. Не все дожили до дня великой победы. Двадцать Героев Советского Союза и тысячи других восточноказахстанцев отдали свои жизни. Во имя победы Родины, во имя свободы и счастья трудового народа шли они на смерть. Жертвуя своей жизнью, они думали о нас, о своих сыновьях и внуках. Они честно жили, честно работали, а в час грозной опасности геройски погибли. Подвиги их бессмертны!

Невозвратимы утраты, но все, кто пал на поле брани, останутся в нашей памяти навсегда! Их имена названиях улиц, парков, школ, пионерских дружин. О них пишут книги, слагают поэмы и песни. Изучая их славную жизнь, наши дети будут подражать им во всем, Беспрерывные подвиги на фронте порождают тысячи новых подвигов во имя торжества коммунизма.

#### Литература:

<sup>1</sup> Архив МО СССР, ф. 33, оп. 686044, д. 1564. л. 170; оп. 686 196, I.Д. 2198, л. 237; выписки из личного дела И.П. Копылова.

<sup>2</sup> «Социалистик Казахстан», 1965, 6 мая.

<sup>3</sup> Воспоминания Ш. Кусановой. – Большевик Алтая. – 1948, 22 февраля.



## ФОТОГАЛЕРЕЯ



Жастық шақ. Молодые годы



Агасы Бейсембай Әкімбайұлы. Брат Бейсембай Акимбайевич



Қазақ мемлекеттік университетінде қызмет атқарған кезең. Алматы.  
Период работы в КазГУ. Алматы



Қазақ ұлттық өнер университетінде. Астана.  
Период работы в КазНУИ. Астана



Бақыттың шақ (Қызы Қарлыгаш, Шагила ата және келіні Айман).  
Счастливые годы. (Дочь Карлыгаш, Шагила ата и сноха Айман)

**Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний**



## Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний



## Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний



## Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний





ECCETAIKE TOABI SMIP. XUNHAB – NOAHAA BOCHOMNAHAINN

## **Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний**



## Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний



## **Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний**



**Естелікке толы өмір. Жизнь – полная воспоминаний**



## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Оқырманға. Читателям .....	3
Шағила Құсанова .....	4
Әмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері .....	5
Основные даты жизни и труда .....	6
Күрметті атақтары мен марапаттары .....	7
Почетные звания и награды .....	9
Әмірі мен қызметінің қысқаша очеркі .....	11
Краткий очерк жизни и деятельности .....	15
Еңбектері. Труды .....	18
Ғылыми жетекшілігімен жарық көрген басылымдар.	
Научные издание выполненные под научным руководством .....	21
Шағила Құсанова туралы әдебиеттер.	
Материалы о Шагиле Кусановой .....	22
Замандастар лебізі. Воспоминие .....	24
Фотогалерея .....	47

